

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 маусымдағы № 760 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 5-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н :**

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымы бекітілсін :

1) соғыс уақытында Қарулы Күштердің барлық қызметіне жалпы басшылық жасауды және оларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы арқылы басқаруды жүзеге асыратын Қарулы Күштерге жоғары басшылық жасаудың әскери-саяси органы – Жоғарғы Бас қолбасшылық (Жоғарғы Бас қолбасшылық **С т а в к а с ы**) ;

2) әскери басқару органдары :
стратегиялық – Қорғаныс министрлігі және Бас штаб;
жедел-стратегиялық – Қарулы Күштер түрлері бас қолбасшыларының, Қарулы Күштер тылы бастығының басқармалары, Қарулы Күштердің бас басқармалары;
жедел-аумақтық – өңірлік қолбасшылықтар әскерлері қолбасшыларының **б а с қ а р м а л а р ы** ;

жедел-тактикалық – әскер тектері, Қарулы Күштер түрлері қолбасшыларының **б а с қ а р м а л а р ы** ;

тактикалық – құрамалар мен әскери бөлімдердің басқармалары;
жергілікті – қорғаныс істері жөніндегі департаменттер, басқармалар мен бөлімдер;

3) Қарулы Күштер түрлері :

Құрлық әскерлері мынадай құрамда: әскери басқару органдары, өңірлік қолбасшылықтар, әскер тектері, арнайы әскерлер, тылдық және техникалық

қамтамасыз ету құрамалары мен бөлімдері, оқу-жаттығу және резервтік құрамалар,
б ө л і м д е р м е н м е к е м е л е р ;

Әуе қорғанысы күштері мынадай құрамда: әскери басқару органдары, әскер тектері,
арнайы әскерлер, тылдық және техникалық қамтамасыз ету құрамалары мен бөлімдері,
оқу-жаттығу және резервтік құрамалар, бөлімдер мен мекемелер;

Әскери-теңіз күштері мынадай құрамда: әскери басқару органдары, құрамалар мен
бөлімдер, оқу және резервтік бөлімдер мен мекемелер;

4) арнайы әскерлер (инженерлік, химиялық және техникалық қамтамасыз ету,
барлау, байланыс, радиоэлектрондық күрес) мынадай құрамда: әскери басқару
органдары, құрамалар, бөлімдер мен мекемелер;

5) Қарулы Күштердің тылы мынадай құрамда: әскери басқару органдары, құрамалар
, б ө л і м д е р м е н м е к е м е л е р ;

6) әскери полиция мынадай құрамда: әскери басқару органдары, бөлімдер мен
м е к е м е л е р ;

7) әскери оқу орындары мен әскери-ғылыми мекемелер.

2. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктерінің шекарасы шегінде
өңірлік қолбасшылықтардың жауапкершілік аймақтары айқындалсын:

1) "Астана" – Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары;

2) "Шығыс" – Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары;

3) "Батыс" – Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары;

4) "Оңтүстік" – Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру
жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 7
м а м ы р д а ғ ы № 1 0 8 5 Ж а р л ы ғ ы ;

2) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын жетілдіру жөніндегі
кейбір мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10
қ а р а ш а д а ғ ы № 1 4 7 2 Ж а р л ы ғ ы ;

3) "Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 7 мамырдағы № 1085
Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы
Президентінің 2009 жылғы 4 наурыздағы № 762 Жарлығы.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөніндегі өзге де
ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің
Ә к і м ш і л і г і н е жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК